Автор: Альдикенова Анар Альмухановна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Сүйіспеншілік пен достық
Тақырып: Дос таңдай білу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.1.3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді. Оқушылардың көбісі: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, ақпарат бойынша көзқарас білдере алады. Кейбірі: Факті мен көзқарасты ажырата алады.
Тілдік мақсаттар:	Достық туралы өлең жолдарынан үзінді
Күтілетін нәтиже:	адал дос бола білу, сыйластық
Бағалау критерийлері:	Мәтін мазмұнын тыңдай отырып түсінеді, берілген ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажыратады .
Құндылықтарды дарыту:	Сыпайылық, сыйластық, адамгершілік
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://bilimland.kz/ru, слайд
Пәнаралық байланыс:	әдебиет, өзін-өзі тану
Бастапқы білім:	Достық дәнегі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (7 минут)	Ұйымдастыру кезеңі Амандасып, сыныпты түгендеу, психологиялық ахуал жасап, қима қағаздар арқылы сыныпты топқа бөлу. 1-топ. Айрылмастай досыңа қайрылмастай сөз айтпа. 2-топ. Дос болсаң берік бол, досыңа серік бол. 3-топ. Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады. «Миға шабуыл» әдісі. Әр топ мақалдарының мағынасын ашыңыздар. Қалай ойлайсыздар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы? Неге? Сабақ мақсаты мен критерийі айтылады. Дос таңдай білеміз бе? Достарың бар ма?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15минут)	Адал дос пен амал дос туралы бейнефильм көрсету. Мәтін кезеңі тапсырмалары. 1-топ. Берілген өлең жолдарын әрі қарай дамытып, қалай аяқталатынын болжап, класстерге түсіріңіздер. 2-топ. «Проблемамен саудаласу» әдісі арқылы ойын дамыту «Мен түсіндім»«Мен былай аяқтар едім...» «Мен түсінбедім, сен ше?» 3-топ. «Зерде» тәсілі арқылы өлең жолының дамуын болжау. а)Тақырып бойынша алған ақпараттарым ә)Көңіл күйіміз б)Оқиғаның дамуы в)Аяқталуы(3 сөйлем) Топ бірін-бірі бағалайды	https://bilimland.kz/ru/subject/kazah-tili/8-synyp/dostyqtyng-mani?mid=7e881480-0145-11ea-ae4a-65531f612fa3
Сабақтың соңы (5минут)	«Еркін микрофон» әдісі арқылы топтық тапсырма. 1-топ -Сіздердің топтарыңызға қандай мәтін берілді? -Басқа топтағы мәтінмен қандай байланыс бар? -Мәтіндеріңізді өмірмен байланыстырыңыздар! 2-топ -1-топтың мәтінінің мазмұны түсінікті болды ма? Басты назар неге аударылды? - Мен түсінбедім, сен ше? Дегенде нені түсінбеуіміз мүмкін? - Сендер осы өлең жолын қандай мақалмен аяқтар едіңдер? 3-топ. -Қай топтың қорғауы сендерге жақсы әсер етті, неге? - Үш мәтіннен қандай түйін шығаруға болады? - Қандай тілек тілер едіңіздер? Екі жұлдыз бір тілек арқылы бағалау	Қима қағаз
Рефлексия (7минут)	«ҚҚС» әдісі арқылы Мен үшін құндыМен үшін қиын болдыМенің сұрағым бар	